Нуклондардың ұжымдық қозғалыстарын сипаттауда фермионды динамикалық-симметрия модельі феноменологиялық өзара әсерлесуші бозондар модельіне қарағанда анағұрлым толық микроскопиялық негіз ұсынады. Тіпті тек корреляцияланған S және D жұптарын қарастырғанның өзінде, бұл модель ұжымдық құбылыстарды сипаттаудың ішкі бірізділігін сақтайды. Зерттеуде ФДСМ-нің $s-d$ кеңістігімен шектелген қарапайымдалған нұсқасы пайдаланылды. Бұл формализмде ұжымдық қозғалыстардың симметриялық қасиеттері Ли алгебрасы генераторлары арқылы сипатталып, жүйенің Гамильтонианы сол алгебраның инварианттары негізінде құрылады. Осындай тәсіл көпфермионды жүйелердің спектрлік қасиеттерін зерттеуді жеңілдетіп, есептеу күрделілігін төмендетуге мүмкіндік береді.

Ядролық жүйелердің төмен энергиялы ұжымдық күйлерін қалыптастыруда когерентті S және D жұптары шешуші рөл атқарады. Олардың маңыздылығы осы жұптардың ядроның қабықшалық құрылымынан туындайтын микроскопиялық табиғатымен анықталады. Осыған байланысты фермионды динамикалық-симметрия модельі ұжымдық режимдерді қабықшалық модельмен тікелей байланыстыра отырып сипаттауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл ұжымдық қасиеттерді фермиондық жүйенің ішкі симметриялары негізінде түсіндіруге жағдай жасайды. Бұдан бөлек, бозондық модельдерге тән динамика-симметриялық заңдылықтарды фермиондық деңгейде де алуға болады, сондықтан көптеген жағдайларда фермион–бозон түрлендірулерін енгізбей-ақ ұжымдық спектрлердің негізгі қасиеттерін зерттеу мүмкіндігі сақталады.

Динамикалық симметрия әдісі көпбөлшекті кванттық жүйелердің күрделі қозғалыстарын сипаттауда әмбебап теориялық аппарат ретінде қолданылады. Оның басты артықшылығы – толық Гамильтонианды әртүрлі қозғалыс режимдеріне сәйкес келетін бөліктерге және симметрияның бұзылуын сипаттайтын мүшелерге жіктеу мүмкіндігі. Мұндай жіктеу аналитикалық және сандық есептеулерді едәуір жеңілдетеді. Ядролық құрылымның барлық ұжымдық қасиеттері фермиондық еркіндік дәрежелерінен туындайтындықтан, осы жұмыста динамикалық симметриялардың қалыптасу ерекшеліктері фермиондық-қабықшалық тәсіл негізінде зерттеледі.

Нәтижелер және талқылау. Зерттеу барысында бірдей фермиондардан

тұратын жүйелерге арналған фермионды динамикалық-симметрия модельінің ықшамдалған формасы қарастырылып, оның бозондық кеңістікке түрлендірілу процедурасы жүзеге асырылды. Симметрия принциптерін пайдалану және ұжымдық қозғалыстарды анықтайтын негізгі өзара әсерлесулерді бөліп көрсету арқылы Гамильтонианның математикалық құрылымы едәуір жеңілдетілді. Мұндай тәсіл есептің тиімді өлшемін қысқартып, көпбөлшекті жүйелерді сипаттаудағы есептеу шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Түрлендіру нәтижесінде фермиондық операторлар мен тиімді бозондық дәрежелер еркіндігі арасында бірімді сәйкестік орнатылды. Бұл ұжымдық қозуларды қарапайым алгебралық формализм аясында сипаттауға жағдай жасады. Есептеулер көрсеткендей, әлсіз және орташа корреляциялар аймағында алынған бозондық модель бастапқы фермиондық жүйенің энергетикалық спектрін, симметриялық қасиеттерін және негізгі физикалық сипаттамаларын жоғары дәлдікпен қайта жаңғырта алады. Осылайша, ұсынылған әдістің ұжымдық күйлерді зерттеудегі қолданбалы тиімділігі мен теориялық негізділігі расталды.

Фермионды динамикалық-симметрия модельінің қарапайым асимптотикалық шектерін өзара әсерлесуші бозондар модельінің сәйкес симметриялық режимдерімен салыстыру үшін фермиондық жүйенің бозондық бейнеленуі жүзеге асырылды (Baktybaev, 2008). Бұл процедура екі модель арасындағы байланыстың математикалық құрылымын және олардың физикалық интерпретациясын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, әдіс нақты ядролар үшін энергетикалық деңгейлерді, спектрлік заңдылықтарды және электромагниттік ауысулар ықтималдықтарын салыстырмалы түрде талдауға жағдай жасайды. Зерттеуде бөлінбеген жұптар мен қалыпты және аномальды жұптық орбиталар арасындағы араласу процестері ескерілмейтін фермионды динамикалық-симметрия моделінің ықшамдалған нұсқасы қарастырылды. Осы модель шеңберінде фермиондық Гамильтонианды тиімді бозондық Гамильтонианға түрлендіретін аналитикалық әдістер зерттеліп, олардың ұжымдық күйлерді сипаттаудағы қолданылу мүмкіндіктері талданды. Алынған нәтижелер ұсынылған формализмнің нақты ядролардың спектрлік қасиеттерін зерттеуде тиімді теориялық құрал бола алатынын көрсетті.

Бозондық бейнелеу әдістері бұрын Гинокчио моделі шеңберінде біртекті нуклондық жүйелерді зерттеу үшін табысты қолданылған (Arima, 1981). Осы жұмыста бұл тәсіл кеңейтіліп, протондық және нейтрондық ішкі құрылымдарды бір мезгілде ескеретін көпнуклонды Гамильтониан қарастырылады. Мұндай модель активті нуклондар саны өзгерген кезде ядролық жүйелердің вибрациялық сипаттан ротациялық режимге біртіндеп ауысуын сипаттауға мүмкіндік береді. Теориялық формализмді ықшамдау мақсатында Гамильтонианның қарапайымдалған нұсқасы пайдаланылып, қалдық жұптық өзара әсерлесулер монопольдік және квадрупольдік компоненттермен шектелді (Koilyk, 2023). Бұдан бөлек, корреляциялық әсерлерді сипаттайтын жұптық матрицалық элементтердің мәндері сәйкес қабықшалық деңгейлердің дегенерациясымен анықталатын шамаларға пропорционал деп алынды. Осындай жуықтау модельдің

негізгі физикалық мазмұнын сақтай отырып, көпфермионды есептердің сандық орындалуын едәуір жеңілдетеді.

Фермионды динамикалық-симметрия моделі шеңберінде бір нуклонның толық бұрыштық импульсі жалған орбиталық импульс пен жалған спиннің қосындысы ретінде қарастырылады $\vec{j} = \vec{k} + \vec{i}$.

Осы жіктеуге сәйкес $k-i$ базисіндегі нуклонды тудыру операторы фермиондық a_{jm}^+ операторлары арқылы Клебш–Гордан коэффициенттерін пайдаланып өрнектеледі.

$$b_{km_k im_i}^+ = \sum_{jm} \langle k m_k im_i | jm \rangle a_{jm}^+.$$

-бейнелеудегі фермиондық операторды жалған орбиталық және жалған спиндік базистегі операторлар арқылы келесі түрде жазуға болады:

$$a_{jm}^+ = \sum_{km_k im_i} \langle k m_k im_i | jm \rangle b_{km_k im_i}^+. \quad (1)$$

Мұндағы $\langle k m_k im_i | jm \rangle$ -шамалары бұрыштық импульстерді қосу ережелерін сипаттайтын Клебш–Гордан коэффициенттері болып табылады. Аталған түрлендіру фермиондық жүйенің симметриялық қасиеттерін псевдоорбиталық және псевдоспиндік дәрежелер еркіндігі арқылы сипаттауға мүмкіндік береді және фермионды динамикалық-симметрия моделінің алгебралық құрылымын құруда маңызды рөл атқарады.

Бұл, $k-i$ байланысын пайдалану қабықшалық модельдің толық конфигурациялық кеңістігінен ұжымдық қасиеттері басым болатын S және D жұптарына сәйкес келетін ішкі кеңістікті бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Мұндай фермиондық жұптар жоғары когерентті құрылымдар болып табылады және ядролардағы ұжымдық қозғалыстардың негізгі тасымалдаушылары ретінде қарастырылады.

Бұл қасиетті айқынырақ көрсету үшін $k-i$ базисінен қабықшалық модельдің бастапқы j -базисіне кері түрлендіру жүргізіледі. Аталған түрлендіру нормаланған $9j$ -символдары арқылы жүзеге асырылады:

$$\begin{aligned} | (k_1 k_2) K (i_1 i_2) I; r \mu \rangle &= [b_{(k_1 i_1)}^+ b_{(k_2 i_2)}^+]_{\mu}^{(r)} | 0 \rangle = \\ &= \sum_{j_1 j_2} \begin{Bmatrix} k_1 & i_1 & j_1 \\ k_2 & i_2 & j_2 \\ K & I & r \end{Bmatrix} [a_{j_1}^+ a_{j_2}^+]_{\mu}^{(r)} | 0 \rangle. \end{aligned} \quad (2)$$

Алынған өрнек S-жұптардың k және i -дәрежелер еркіндігі тұрғысынан қарастырғанда Купер жұптарына ұқсас қасиеттерге ие екенін көрсетеді. Басқаша

айтқанда, олар жұптық конденсация күйінде болатын күшті корреляцияланған фермиондық құрылымдарды сипаттайды. Қабықшалық модельдің бастапқы базисінде мұндай күйлер көптеген конфигурациялардың араласуымен сипатталса, $k-i$ байланысы негізіндегі бейнелеуде олардың құрылымы ықшам әрі көрнекі түрде өрнектеледі.

Осының нәтижесінде ұжымдық қозулардың микроскопиялық табиғатын зерттеуге қолайлы жаңа базистік кеңістік қалыптасады. Мұндай формализм көпнуклонды жүйелердің спектрлік қасиеттерін талдауды жеңілдетіп қана қоймай, олардың ұжымдық күйлерінің фермиондық негізін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

Бір үлкен қабықша шегінде орналасқан біртекті нуклондар жүйесін қарастырып, тек екібөлшекті қалдық өзара әсерлесулерді ескерген жағдайда, жүйенің толық Гамильтонианы келесі түрде жазылады:

$$H = \sum_j \varepsilon_j a_j^\dagger a_j + V_p + V_Q, \quad (3)$$

мұндағы ε_j – бірбөлшекті деңгейлердің энергиялары, ал V_p және V_Q сәйкесінше жұптық және мультипольдік өзара әсерлесулерді сипаттайтын мүшелер болып табылады. Бұл операторлар жалпы жағдайда төмендегі өрнектермен беріледі:

$$V_p = \frac{1}{4} \sum_{\lambda j_1 j_2 j'_1 j'_2} \langle j_1 j'_1 \lambda | V_p | j_2 j'_2 \lambda \rangle [a_{j_1}^\dagger a_{j'_1}^\dagger]^{(\lambda)} [a_{j_2} a_{j'_2}]^{(\lambda)}, \quad (4)$$

$$V_Q = \frac{1}{4} \sum_{r j_1 j_2 j'_1 j'_2} \langle j_1 j_2 r | V_Q | j'_1 j'_2 r \rangle [a_{j_1}^\dagger a_{j_2}]^{(r)} [a_{j'_1}^\dagger a_{j'_2}]^{(r)}. \quad (5)$$

Берілген өрнектерден Гамильтонианның құрылымы көпсанды матрицалық элементтер мен бұрыштық импульстарды байланыстыру коэффициенттерін қамтиды. Сондықтан мұндай формализмді тікелей пайдалану көпнуклонды жүйелер үшін есептеулердің күрделілігін айтарлықтай арттырады.

Осы себепті бастапқы Гамильтонианды фермионды динамикалық-симметрия моделінің алгебралық құрылымына келтіру мақсатында оны ықшамдаудың әртүрлі тәсілдері қарастырылады. Мұндай ықшамдау негізгі физикалық мазмұнды сақтай отырып, ұжымдық қозғалыстарды анықтайтын жетекші өзара әсерлесулерді бөліп көрсетуге және есептеу процедураларын едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде күрделі көпфермионды есептерді симметрия принциптеріне негізделген ықшам әрі тиімді теориялық схема шеңберінде зерттеу мүмкіндігі туады.

1-тәсіл. Фермиондық динамикалық симметрия моделінде қалдық жұптық өзара әсерлесудің басым бөлігі монопольдік және квадрупольдік корреляциялар-

мен анықталады. Осыған байланысты $\lambda = 0$ және $\lambda = 2$ мүшелерін ғана сақтай отырып, жұптық өзара әсерлесуді сипаттайтын V_p операторы $k - i$ базисінде ықшам түрде жазылады:

$$V_p = \frac{1}{4} \sum \langle (k_1 k_2) K(i_1 i_2) I \lambda | V_p | (k'_1 k'_2) K'(i'_1 i'_2) I'_1 \lambda [b_{k_1 i_1}^+ b_{k_2 i_2}^+]_{\lambda}^{(KI)} \rangle \quad (6)$$

Бұл өрнек жалған орбиталық және жалған спиндік дәрежелер еркіндігіне негізделген $k - i$ байланысының артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік береді. Нәтижесінде өзара әсерлесудің күрделі құрылымы симметрия қасиеттерін сақтай отырып қарапайым алгебралық формаға келтіріледі. Мұндай ықшамдау модельдің негізгі физикалық мазмұнын жоғалтпай, көпнуклонды жүйелердің ұжымдық күйлерін сипаттау кезінде есептеу тиімділігін айтарлықтай арттырады.

2-тәсіл. Жұптық өзара әсерлесудің матрицалық элементтері корреляцияланған жұптарды құрайтын деңгейлердің дегенерация дәрежесіне пропорционал деп қабылданады. Бұл жағдайда оларды келесі параметрлеу арқылы өрнектеуге болады:

$$\langle (kk)K(ii)I\lambda | V_p | (k'k')K'(i'i')I'\lambda \rangle = 2\sqrt{\Omega_{ki}\Omega_{k'i'}} G_{\lambda}^{(\alpha\alpha')}.$$

Осы жуықтауды пайдалану нәтижесінде жұптық өзара әсерлесуді сипаттайтын V_p операторы ықшам операторлық формаға келтіріледі:

$$V_p = \sum_{\alpha\alpha'} [G_0^{(\alpha\alpha')} S^+(\alpha) S(\alpha') + G_2^{(\alpha\alpha')} D^+(\alpha) D(\alpha')]. \quad (7)$$

Мұндағы бірінші мүше монопольдік жұптық корреляцияларды, ал екінші мүше квадрупольдік сипаттағы ұжымдық корреляцияларды ескереді. Осылайша, бастапқы көпбөлшекті өзара әсерлесудің негізгі бөлігі S және D жұптары арқылы сипатталатын тиімді алгебралық формаға келтіріледі.

k -белсенді схема жағдайында қалыпты жұптылыққа сәйкес келетін S -оператор $\alpha = n_k$ кезінде $S^+(\alpha = n_k) = S^+ = [b_{1i}^+ b_{1i}^+]^{(00)}$ түрінде анықталады. Бұл оператор бұрыштық импульсі нөлге тең когерентті жұптарды тудырып, жүйедегі жұптық корреляциялардың негізгі үлесін сипаттайды. Ал D -операторы ұқсас құрылым бойынша құрылады, бірақ оның толық бұрыштық импульсі $\lambda = 2$ болады. Сондықтан ол квадрупольдік ұжымдық козуларды қалыптастыратын корреляцияланған жұптарды сипаттайды.

Осылайша, S - және D -жұптары фермионды динамикалық-симметрия моделіндегі негізгі ұжымдық дәрежелер еркіндігі ретінде қарастырылып, күрделі көпнуклонды жүйелердің спектрлік қасиеттерін салыстырмалы түрде қарапайым алгебралық аппарат көмегімен зерттеуге мүмкіндік береді.

3-тәсіл. Мультипольдік өзара әсерлесуді сипаттайтын V_Q мүшесін ықшамдау мақсатында оның матрицалық элементтері арнайы параметрлеу арқылы беріледі:

$$\langle (k\bar{k})K(i\bar{i})I;r | V_Q | (k'\bar{k}')K(i'\bar{i}')I;r \rangle = 2\sqrt{\Omega_{ki}\Omega_{k'i'}} B_r^{(xx')}.$$

Осы параметрлеуді пайдалану нәтижесінде мультипольдік өзара әсерлесу операторы келесі ықшам түрге келтіріледі:

$$V_Q = \sum_{xx'} B_r^{(xx')} P^r(x) P^r(x'). \quad (8)$$

Мұндағы $P_\mu^r(k) = \sqrt{\frac{\Omega_{ki}}{2}} [b_{ki}^+ b_{ki}]_\mu^{(r)}$, бірбөлшектік мультипольдік операторларды білдіреді, ал $P_\mu^r(i)$ операторы осыған ұқсас түрде анықталады. Бұл операторлар жүйедегі мультипольдік қозулар мен ұжымдық қозғалыстардың симметриялық қасиеттерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда енгізілген жуықтауларды ескере отырып, $k-i$ схемасындағы фермионды динамикалық-симметрия моделінің жалпы Гамильтонианы келесі ықшам түрде жазылады:

$$H_{\Phi\text{ДСМ}} = e_0 v_0 + \sum e_{ki} n_{ki} + \sum_{xx'} [G_0^{(xx')} S^+(x) S(x') + G_2 D^+ D] + \\ + \sum_{r, xx'} B_r^{(xx')} P^r(x) P^r(x'). \quad (9)$$

Алынған өрнек фермионды динамикалық-симметрия моделінің негізгі құрылымдық элементтерін біртұтас түрде біріктіреді. Мұнда бірбөлшектік энергиялар, жұптық корреляциялар және мультипольдік ұжымдық өзара әсерлесулер бірыңғай алгебралық формализм шеңберінде қарастырылады. Осындай ықшам жазылу модельдің динамикалық симметриясын айқын көрсетіп қана қоймай, көпнуклонды жүйелердің спектрлік қасиеттерін аналитикалық және сандық әдістер арқылы зерттеуді едәуір жеңілдетеді. Сонымен қатар, Гамильтонианның бұл түрі ұжымдық қозғалыстардың негізгі механизмдерін бөліп көрсетуге мүмкіндік беріп, фермиондық жүйенің микроскопиялық сипаттамалары мен оның макроскопиялық ұжымдық қасиеттері арасындағы байланысты зерттеуге қолайлы теориялық негіз қалыптастырады.

Инертті мультипольдік операторларды есепке алу симметриялық құрылымның күрделенуіне және модельдің алгебралық аппаратының кеңеюіне алып келеді. (9)-өрнекпен берілген фермионды динамикалық-симметрия модель Гамильтонианы S , D және s ішкі кеңістіктерін фермиондық кеңістіктің қалған бөлігінен бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде k -белсенді схема үшін модель $Sp(6) \times SU(2)$, ал i -белсенді схема үшін $SO(8) \times SU(2)$ динамикалық симметрияларын сақтайды.

Практикалық есептеулерде мұндай Гамильтонианды сәйкес ішкі топтардың

тәуелсіз Казимир операторлары арқылы өрнектеу анағұрлым тиімді болып табылады. Бұл тәсіл модельдің симметриялық қасиеттерін айқын көрсетіп қана қоймай, энергия спектрін аналитикалық түрде зерттеуді де жеңілдетеді. $Sp(6) \times SU(2)$ -динамикалық симметриясы жағдайында жүйенің Гамильтонианы топтық құрылымдардың Казимир инварианттары арқылы келесі түрде жазылады:

$$H_6 = H_0 + v_0 C_{SU(2)} + v_1 C_{SU(2)} + g_0 C_{SU(2)}^Y + V_2 C_{SU(3)} + G_2 C_{Sp(6)} + V_3 L^2.$$

Бұл өрнек модельдің әртүрлі динамикалық үлестерін жеке қарастыруға мүмкіндік береді және жүйенің спектрлік қасиеттеріне әрбір симметрияның қосатын үлесін анық көрсетеді. Гамильтонианның H_0 мүшесі жүйенің негізгі энергетикалық және құрылымдық параметрлерін сипаттайтын фондық бөлікті білдіреді және келесі түрде анықталады:

$$H_0 = h_0 + \varepsilon_0 \tau_0 + \varepsilon_1 n_1 + \eta_0 \frac{\tau_0(\tau_0 - 1)}{2} + \eta_1 \frac{n_1(n_1 - 1)}{2} + \eta \frac{n(n - 1)}{2}.$$

Мұндағы параметрлер бірбөлшектік энергияларды және нуклондар арасындағы тиімді өзара әсерлесулерді сипаттайды. Ал Казимир операторлары симметрия топтарының инварианттық қасиеттерін ескеріп, жүйенің ұжымдық қозғалыстары мен спектрлік құрылымын анықтайды. Осылайша, Гамильтонианның барлық мүшелері өзара байланысқан симметриялық үлестер ретінде қарастырылып, көпнуклонды жүйелердің динамикалық қасиеттерін біртұтас алгебралық формализм аясында сипаттауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл ұжымдық күйлердің қалыптасу механизмдерін түсіндірумен қатар, ядролық спектрлерді есептеудің тиімді теориялық негізін қамтамасыз етеді.

Ал $SO(8) \times su(2)$ динамикалық симметриясы жүзеге асқан жағдайда Гамильтонианның құрылымы күрделене түсіп, қосымша симметриялық инварианттарды қамтиды. Мұндай жағдайда жүйенің Гамильтонианы келесі түрде жазылады:

$$H_8 + H_0 + v_0 C_{su_2} + v_1 C_{SU_2} + g_0 C_{SU_2}^T + g_5 C_{SO_5} + g_6 C_{SO_6} + G_2 C_{SO_8} + g L^2. \quad (10)$$

Берілген өрнек көпнуклонды жүйелердің энергия спектрін әртүрлі симметрия топтарының Казимир операторлары арқылы сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол фермионды динамикалық-симметрия моделінің алгебралық құрылымын және ұжымдық қозғалыстардың симметриялық табиғатын айқын көрсетеді.

Жалпы жағдайда фермионды динамикалық-симметрия моделі бес түрлі асимптотикалық шекке ие болады. Бұл шектердің физикалық мазмұнын талдау үшін алдымен модельдің қарапайымдалған нұсқасы қарастырылады. Мұндай жуықтауда Гамильтониан құрамында тек жұптық және квадрупольдік өзара әсерлесулерді сипаттайтын мүшелер ғана сақталады. Нәтижесінде ықшамдалған

фермиондық динамикалық симметрия Гамильтонианы төмендегі түрде өрнектеледі:

$$H_{\text{ФДСМ}}^0 = G_0 S^{(T)+} S^T + B_2 P^r P^r. \quad (11)$$

Бұл өрнекте бірінші мүше жүйедегі жұптық корреляцияларды сипаттаса, екінші мүше квадрупольдік ұжымдық қозғалыстардың үлесін анықтайды. Осылайша модельдің негізгі физикалық мазмұны сақталып, күрделі көпбөлшекті өзара әсерлесулердің басым бөлігі тиімді түрде ескеріледі.

Қарапайымдалған Гамильтониан негізінде динамикалық симметрияның негізгі екі шегі $Sp(6) \times SU(2)$ және $SO(8) \times SU(2)$ жағдайлары қарастырылады. Бұл шектерде Гамильтонианның құрылымы едәуір ықшамдалып, толықтай Казимир операторлары арқылы өрнектеледі. Мұндай тәсіл жүйенің спектрлік қасиеттерін аналитикалық түрде зерттеуге мүмкіндік беріп, ұжымдық қозғалыстардың симметриялық табиғатын айқын көрсетеді. Сонымен қатар, асимптотикалық шектерді талдау әртүрлі ұжымдық режимдердің қалыптасу механизмдерін түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

Бірінші асимптотикалық шек $Sp(6) \times SU(2)$ динамикалық симметриясына сәйкес келеді. Бұл жағдайда ықшамдалған Гамильтониан келесі түрде өрнектеледі:

$$H_6 = \varepsilon n - \frac{G_0}{4} n(n-1) + G_0 \left[C_{SU(2)}^T - \frac{\Omega(\Omega+2)}{4} \right] + B_2 C_{SU(3)} - \frac{3B_2}{8} L^2.$$

Ал $SO(8) \times SU(2)$ симметриясы жүзеге асқан жағдайда Гамильтонианның баламалы түрі төмендегі өрнекпен анықталады:

$$H_8 = \varepsilon n - \frac{G_0 n(n-1)}{4} + G_0 \left[C_{SU_2}^T - \frac{\Omega(\Omega+2)}{4} \right] + B_2 C_{SO_6} - B_2 C_{SO_5} \quad (12)$$

Алынған өрнектер фермионды динамикалық-симметрия моделінің негізгі динамикалық шектерін айқын көрсетеді және күрделі көпфермионды Гамильтонианды симметрия топтарының Казимир операторлары арқылы ықшам түрде сипаттауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл жүйенің спектрлік қасиеттерін зерттеуді жеңілдетіп, әртүрлі ұжымдық режимдердің қалыптасу механизмдерін симметрия принциптері тұрғысынан түсіндіруге жағдай жасайды.

(12)-өрнектерді талдау көрсеткендей, $B_2 = 0$ болған жағдайда жүйенің динамикасы негізінен монопольдік жұптасу әсерімен анықталады. Мұндай режимде $SU(2)$ симметриясы басым орын алып, жүйенің энергетикалық спектрі вибрациялық сипатқа ие болады. Бұл жағдай жұптық корреляциялардың жетекші рөл атқаратын ядролық күйлерге сәйкес келеді.

Керісінше, $G_0 = 0$ немесе оның үлесі елеусіз аз болған кезде квадруполь-квадрупольдік өзара әсерлесу негізгі факторға айналады. Нәтижесінде k -белсенді схема үшін $SU(3)$, ал i -белсенді схема үшін $SO(6)$ динамикалық

симметриялары жүзеге асады. Физикалық тұрғыдан алғанда, $SU(3)$ шегі осьтік симметриялы роторлық қозғалыстарды сипаттайды, ал $SO(6)$ шегі γ -тұрақсыз деформацияланған ядролардың ұжымдық қасиеттерін бейнелейді.

Осылайша, жүргізілген талдау жұптардың ыдырау процестері мен қалыпты және аномальды жұптар деңгейлер арасындағы шашырау әсерлері ескерілмейтін фермионды динамикалық-симметрия моделінің ықшамдалған нұсқасы шеңберінде жүзеге асырылады. Мұндай жуықтау төмен энергиялы ұжымдық күйлердің негізгі қасиеттерін сипаттау үшін жеткілікті дәлдік береді. Нәтижесінде жүйедегі бірбөлшектік және екібөлшектік өзара әсерлесулерді қамтитын, параметрлер саны шектеулі ықшам Гамильтониан алынады.

Протондық және нейтрондық дәрежелер еркіндігі ескерілген жағдайда фермионды динамикалық-симметрия моделінің негізгі Гамильтонианы келесі түрде жазылады:

$$H_{\text{ФДСМ}}^0 = G_{0\pi} S_{\pi}^+ S_{\pi} + G_{0\nu} S_{\nu}^+ S_{\nu} + B_{2\pi} P_{\pi}^2 P_{\pi}^2 + B_{2\nu} P_{\nu}^2 P_{\nu}^2 + B_{2\pi\nu} P_{\pi}^2 P_{\nu}^2. \quad (13)$$

Бұл өрнекте алғашқы екі мүше протондық және нейтрондық жұптық корреляцияларды сипаттаса, қалған мүшелер квадрупольдік ұжымдық өзара әсерлесулердің үлесін анықтайды. Осылайша модель ядроның ұжымдық қасиеттерін қалыптастыратын негізгі механизмдерді біртұтас түрде қамтиды.

Гамильтонианмен қатар электромагниттік квадрупольдік ауысуларды сипаттау үшін бірбөлшектік жуықтауда келесі ауысу операторы енгізіледі:

$$T(E2) = e_{\pi} P_{\pi}^2 + e_{\nu} P_{\nu}^2. \quad (14)$$

Мұндағы e_{π} және e_{ν} шамалары сәйкесінше протондық және нейтрондық тиімді зарядтарды сипаттайды. Бұл оператор $E2$ -ауысуларының ықтималдықтарын есептеуге және теориялық нәтижелерді тәжірибелік деректермен салыстыруға мүмкіндік береді.

Келесі кезеңде фермионды динамикалық-симметрия модельінің негізгі идеясы жүзеге асырылады, яғни корреляцияланған фермиондық жұптарды тиімді бозондық дәрежелер еркіндігі арқылы сипаттау қарастырылады. Осы мақсатта жалпы жұптық оператор төмендегі түрде анықталады:

$$P_{LM}^{\dagger} = \sum_{ij} a_{ij}^{(L)} (a_i^{\dagger} a_j^{\dagger})_{LM}. \quad (15)$$

Мұндағы L және M кванттық сандары жұптың толық бұрыштық импульсі мен оның кеңістіктегі проекциясын анықтайды, ал $a_{ij}^{(L)}$ коэффициенттері жұптың құрылымдық сипаттамаларын береді. Аталған оператор фермиондық жүйедегі ұжымдық корреляцияларды тиімді бозондық айнымалылар арқылы сипаттаудың бастапқы негізін құрайды және фермиондық кеңістіктен бозондық формализмге өтудің негізгі элементі болып табылады.

Жұптық операторлардың анықтамасына сәйкес ұжымдық қозғалыстарды сипаттауда негізгі рөл атқаратын ең төменгі мультипольдік күйлер $L = 0$ және $L = 2$ болып табылады. Бозондық бейнелеу процедурасында бұл күйлер сәйкесінше s - және d -бозондармен сәйкестендіріледі:

$$s^\dagger \leftrightarrow P_{00}^\dagger, d_M^\dagger \leftrightarrow P_{2M}^\dagger. \quad (16)$$

Бұл сәйкестік тек формальды алмастыруды білдірмейді. Оның негізгі мақсаты фермиондық және бозондық операторлар арасындағы алгебралық құрылымның сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Осы себепті ұжымдық жұптық операторлар бозондық операторларға тән коммутациялық қасиеттерді жуық түрде қанағаттандырады:

$$[P_{LM}, P_{L'M'}^\dagger] \approx \delta_{LL'} \delta_{MM'}. \quad (17)$$

Мұндағы $\delta_{LL'}$ және $\delta_{MM'}$ Кронекер символдары болып табылады. Бұл қатынас ұжымдық фермиондық жұптардың бозондарға ұқсас қасиет көрсететінін және олардың тиімді бозондық дәрежелер еркіндігі ретінде қарастырылуы мүмкін екенін білдіреді.

Нәтижесінде бастапқы күрделі көпфермионды жүйе бозондық кеңістікке бейнеленіп, ұжымдық қозғалыстарды сипаттау едәуір қарапайым әрі есептеу тұрғысынан тиімді формаға көшіріледі. Мұндай түрлендіру көпнуклонды жүйелердің спектрлік қасиеттерін зерттеуді жеңілдетіп қана қоймай, олардың ұжымдық күйлерінің негізгі физикалық ерекшеліктерін сақтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, фермионды динамикалық-симметрия моделінің бастапқы Гамильтонианы тиімді бозондық формализм аясында қайта жазылып, ұжымдық күйлерді сипаттайтын бозондық модельдің құрылымына келтіріледі. Бұл тәсіл фермиондық және бозондық сипаттамалардың арасындағы байланысты талдауға, сондай-ақ алынған теориялық нәтижелерді бозондық бейнелеу негізінде алынған қорытындылармен салыстыруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде мұндай салыстыру фермионды динамикалық-симметрия моделінің физикалық негізділігін бағалауда маңызды рөл атқарады.

Зерттеудің қолданбалы нысаны ретінде ауыр массалық аймақта орналасқан ядролар таңдалынды. Атап айтқанда, протондық $Z = 50 - 82$ және нейтрондық $N = 82 - 126$ қабықшалары арасындағы кеңістік қарастырылады. Бұл аймақта нейтрондық және протондық дәрежелер еркіндігінің өзара әсерлесуі маңызды рөл атқаратындықтан, жүйенің симметриялық құрылымы $Sp_v(6) \otimes SO_\pi(8)$ схемасы арқылы сипатталады деп болжанады.

Ұсынылған формализмнің мүмкіндіктерін тексеру мақсатында жұп-жұп ^{190,192,194}Pt платина изотоптарының тізбегі зерттеу объектісі ретінде таңдалды. Аталған изотоптар қатарында протондық жұптар саны тұрақты болып қалып,

$N_\pi = 2$ мәніне тең, ал нейтрондық жұптар саны $N_v = 4$ -тен $N_v = 7$ -ге дейін өзгереді. Мұндай жүйелер ұжымдық қасиеттердің эволюциясын және нейтрондық конфигурациялардың спектрлік сипаттамаларға әсерін зерттеуге қолайлы мүмкіндік береді. Соңғы жылдары платина изотоптарының құрылымын зерттеуге арналған эксперименттік және теориялық жұмыстардың саны айтарлықтай өсті. Дегенмен, бұл ядролардың төмен энергиялы күйлерін толық әрі бірізді сипаттайтын әмбебап теориялық модель әлі де қалыптасқан жоқ. Сондықтан платина изотоптары ұжымдық қозғалыстарды сипаттайтын әртүрлі модельдердің тиімділігін тексеруге арналған маңызды тестілік жүйелердің бірі болып табылады.

Бұрын жүргізілген зерттеулерде, әсіресе Бор–Моттelsonның геометриялық моделі аясында, өтпелі аймақта орналасқан ядролардың құрылымында әртүрлі деформациялық режимдердің бәсекелестігі байқалатыны көрсетілген. Мұндай ядроларда созылған және сығылған пішіндер арасындағы тепе-теңдікпен қатар, Y -тұрақсыздық құбылысы маңызды рөл атқарады. Соның нәтижесінде олардың спектрлік құрылымы мен электромагниттік ауысу сипаттамалары күрделі сипатқа ие болады.

Осы ерекшеліктерге байланысты ^{190,192,194}Pt изотоптары фермионды динамикалық-симметрия моделінің болжамдарын тексеру үшін қолайлы объектілер болып табылады. Бұл ядроларды зерттеу ұжымдық қозғалыстардың табиғатын тереңірек түсінуге және модельдің өтпелі аймақтағы ядроларды сипаттау мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік береді. Аталған құрылымдық ерекшеліктерге байланысты платина изотоптарын сипаттау барысында өзара әсерлесуші бозондар моделінде толық Гамильтонианды дәл диагоналдау әдісін қолдану қажеттілігі туындайды. Бұл, ең алдымен, олардың спектрлік қасиеттерінің модельдің белгілі қарапайым асимптотикалық шектерінің ешқайсысына толық сәйкес келмеуімен түсіндіріледі. Сондықтан мұндай ядролар өтпелі аймақта орналасқан жүйелер ретінде қарастырылып, олардың құрылымын сипаттау үшін неғұрлым жалпы теориялық тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Осы жұмыста ^{190,192,194} Pt платина изотоптарының төмен энергиялы күйлерінің спектрлік құрылымы фермионды динамикалық-симметрия моделінің ықшамдалған Гамильтонианы (13), квадрупольдік электромагниттік ауысуларды сипаттайтын $E2$ -операторы және олардың бозондық кеңістікке бейнеленуі негізінде зерттеледі. Мұндай тәсіл ұжымдық қозғалыстардың микроскопиялық табиғатын сақтай отырып, спектрлік сипаттамаларды тиімді түрде есептеуге мүмкіндік береді.

Алынған теориялық нәтижелердің сенімділігін бағалау мақсатында есептеу нәтижелері бірнеше белгілі модельдердің болжамдарымен салыстырылады. Атап айтқанда, салыстырмалы талдау $SU(6)$ дәл симметриясына негізделген өзара әсерлесуші бозондар моделімен (Dalelkhanzy, 2025), Давыдов–Чабанның геометриялық тәсілімен (Davydov, 1960) және қолжетімді эксперименттік деректермен жүргізіледі. Мұндай салыстыру фермионды динамикалық-

симметрия моделінің өтпелі аймақтағы ауыр ядролардың ұжымдық қасиеттерін сипаттау мүмкіндіктерін жан-жақты бағалауға және оның қолданылу шекараларын анықтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, платина изотоптарының спектрлік сипаттамаларын әртүрлі теориялық тәсілдер негізінде салыстыру ұжымдық қозғалыстардың табиғатын тереңірек түсіндіруге және фермионды динамикалық-симметрия моделінің болжамдарының эксперименттік деректермен сәйкестік дәрежесін анықтауға жағдай жасайды.

1-кестеде фермиондық динамикалық-симметрия моделі (ФДСМ) мен өзара әсерлесуші бозондар моделі (ӘБМ) бойынша дәл диагонализация әдісі арқылы алынған ротациялық жолақтардың салыстырмалы спектрлері және ^{190}Pt , ^{192}Pt , ^{194}Pt изотоптары үшін тәжірибелік деректер (Koilyk, 2026; Finger et al., 1972; Cummane et al., 1976; Lederer, 1978) келтірілген. Кестеде әрбір ядро үшін бір ғана ротациялық жолақ қарастырылып, салыстырмалы талдау жүргізілді. Эксперименттік ираст-ротациялық жолақтың энергетикалық деңгейлері ФДСМ және ӘБМ шеңберінде есептелген нәтижелермен салыстырылып, модельдердің сипаттау дәлдігі бағаланды.

Кесте 1. Эксперименттік ротациялық $^{190,192,194}\text{Pt}$ ираст-жолақты ФДСМ және ӘБМ бойынша есептелген мәндермен салыстыру.

I_{π}	Эксперимент			ФДСМ			ӘБМ		
	^{190}Pt	^{192}Pt	^{194}Pt	^{190}Pt	^{192}Pt	^{194}Pt	^{190}Pt	^{192}Pt	^{194}Pt
0_1^+	0	0	0	0	0	0	0	0	0
2_1^+	0,30	0,32	0,33	0,30	0,32	0,32	0,32	0,32	0,34
4_1^+	0,74	0,78	0,81	0,72	0,76	0,78	0,78	0,76	0,80
6_1^+	1,29	1,37	1,41	1,24	1,34	1,38	1,28	1,28	1,36
8_1^+	1,92	2,02	2,10	1,89	1,98	2,08	1,80	1,94	2,01
10_1^+	2,25	2,52	2,44	1,17	2,50	2,40	2,40	2,34	2,64
12_1^+	2,73	2,62	2,83	2,64	2,64	2,78	2,82	2,62	3,04
14_1^+	3,06	3,00		2,98	3,02		3,36	3,02	
16_1^+	3,77	3,54		3,61	3,56		3,72	3,44	
18_1^+	0	4,20			4,25		4,16	3,86	

1-ші кестеде келтірілген нәтижелер бойынша есептелген орташа салыстырмалы қателіктер ^{190}Pt изотопы үшін ФДСМ және ӘБМ модельдерінде сәйкесінше 8.29% және 5.02%, ^{192}Pt үшін 1.19% және 3.54%, ал ^{194}Pt үшін 2.20% және 4.62% болды. Нәтижелер фермиондық динамикалық-симметриялық модельдің ^{192}Pt және ^{194}Pt изотоптарының ротациялық спектрлерін сипаттауда жоғары дәлдік көрсететінін, ал ^{190}Pt үшін өзара әсерлесуші бозондар моделінің тәжірибелік

деректермен жақсырақ сәйкес келетінін көрсетеді. Жалпы алғанда, екі модель де платина изотоптарының төменгі энергетикалық күйлерін қанағаттанарлық дәлдікпен сипаттайды. Алынған нәтижелерді зерттеу теориялық есептеулер мен эксперименттік мәліметтер арасындағы сәйкестік дәрежесін анықтауға, сондай-ақ қолданылған модельдердің сенімділігі мен қолданылу шекараларын бағалауға жағдай жасайды. Энергетикалық спектрлерді салыстыру барысында фермионды динамикалық-симметрия моделінің ықшамдалған нұсқасы негізгі ұжымдық күйлердің орналасу заңдылықтарын жеткілікті дәлдікпен қайта өндіре алатыны байқалады.

Сонымен қатар, есептелген және тәжірибелік энергия деңгейлерінің өзара сәйкестігі модельде ескерілген жұптық және квадрупольдік корреляциялардың платина изотоптарының ұжымдық қасиеттерін сипаттауда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Ал өзара әсерлесуші бозондар моделімен жүргізілген салыстыру екі тәсілдің де негізгі спектрлік заңдылықтарды қанағаттанарлық деңгейде сипаттай алатынын, алайда жекелеген күйлер үшін олардың дәлдік деңгейінде айырмашылықтар болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Фермионды динамикалық-симметрия моделі мен өзара әсерлесуші бозондар моделі негізінде есептелген энергетикалық деңгейлердің нәтижелері ^{190,192,194}Pt изотоптары үшін тәжірибелік деректермен салыстырылып, олардың β -және γ -жолақтарына қатысты мәндері 2-кестелерде келтірілген. Ұсынылған салыстырмалы талдау әртүрлі теориялық тәсілдердің төмен энергиялы ұжымдық күйлерді сипаттау қабілетін бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, 2-кестелерде келтірілген нәтижелер фермиондық динамикалық симметрия моделінің ауыр платина изотоптарының құрылымын зерттеуде қолдануға жарамды теориялық құрал екенін растайды және оның болжамдарының эксперименттік деректермен сәйкестігін сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 2. Фермионды динамика-симметриялық модель және өзара әсерлесуші бозондар моделі көмегімен есептелген энергияның эксперименттік мәндерінің ^{190,192,194}Pt ядросының β, γ – жолақтарымен салыстыру.

I^π	Эксперимент			ФДСМ			ӘБМ		
	¹⁹⁰ Pt	¹⁹² Pt	¹⁹⁴ Pt	¹⁹⁰ Pt	¹⁹² Pt	¹⁹⁴ Pt	¹⁹⁰ Pt	¹⁹² Pt	¹⁹⁴ Pt
2_2^+	0,60	0,61	0,62	0,58	0,60	0,65	0,60	0,60	0,65
3_1^+	0,92	0,92	0,92	0,89	0,90	0,89	1,05	0,99	0,80
4_2^+	1,13	1,20	1,23	1,10	1,17	1,17	1,07	1,11	1,06
5_1^+	1,45	1,48	1,50	1,46	1,45	1,45	1,55	1,55	1,35
6_2^+	1,73	1,65	1,73	1,70	1,61	1,64	1,65	1,70	1,60
7_1^+	1,95	2,11	2,11	1,91	2,06	2,01	2,0	2,0	-
8_2^+	2,03	2,15	2,19	2,0	2,10	2,11	2,15	2,15	2,20
9_1^+	2,43	2,36	-	2,45	2,39	2,37	2,55	2,24	-
10_2^+	2,52	2,61	2,45	2,50	2,58	2,40	2,70	2,42	2,54
0_2^+	0,92	1,01	1,12	0,95	1,0	1,37	0,95	0,95	1,14

$2_{\frac{1}{2}}^{+}$	1,20	1,25	1,65	1,22	1,23	1,59	1,25	1,17	1,42
$4_{\frac{1}{2}}^{+}$	1,49	1,68	2,45	1,51	1,60	2,40	1,63	1,51	2,41
$6_{\frac{1}{2}}^{+}$	1,97	2,02	0,62	1,99	1,98	0,65	2,06	1,88	0,65
$8_{\frac{1}{2}}^{+}$	2,20	2,35	0,92	2,20	2,30	0,89	2,41	2,12	0,80
$10_{\frac{1}{2}}^{+}$	2,50	2,67	1,23	2,45	2,61	1,17	2,55	2,50	1,06

2-ші кестеде берілген β және γ -жолақтардың энергетикалық спектрлері бойынша жүргізілген салыстырмалы талдау ФДСМ нәтижелерінің тәжірибелік деректермен жақсырақ сәйкес келетінін көрсетті. Орташа салыстырмалы қателіктер ^{190}Pt , ^{192}Pt және ^{194}Pt изотоптары үшін сәйкесінше 1.74%, 2.11% және 5.21% болды. Ал ӘБМ бойынша бұл көрсеткіштер 5.63%, 5.84% және 7.88%-ға тең. Осылайша, қарастырылған изотоптардың β және γ -жолақтарының құрылымын сипаттауда ФДСМ моделінің дәлдігі жоғары екендігі байқалады.

Кестелерде келтірілген нәтижелер көрсеткендей, 4 МэВ-қа дейінгі қозу энергиялары аймағында $^{190,192,194}\text{Pt}$ изотоптарының белгілі төмен энергиялы күйлері екі теориялық тәсіл арқылы да қанағаттанарлық дәлдікпен сипатталады. Жалпы алғанда, есептелген энергия деңгейлерінің тәжірибелік мәндерден ауытқуы 5–10% шамасында болады. Сонымен қатар, $SU(6)$ симметриясына негізделген өзара әсерлесуші бозондар моделінің кейбір жағдайларда фермионды динамикалық-симметрия моделіне қарағанда төменірек дәлдік көрсететіні байқалады. Жекелеген күйлер үшін теориялық және эксперименттік мәндер арасындағы айырмашылық 20%-ға дейін жетуі мүмкін.

Екі теорияның маңызды нәтижелерінің бірі – ротациялық сипаттағы күйлермен қатар сфералық құрылым элементтерінің қатар өмір сүретінін дұрыс сипаттауы болып табылады. Сонымен бірге олар ауыр платина изотоптарында байқалатын «бэкбендинг» құбылысын сапалық тұрғыдан да, сандық тұрғыдан да түсіндіре алады. Бұл құбылыс бұрыштық импульстің өсуімен энергия деңгейлерінің орналасу заңдылығының өзгеруімен сипатталады. Бэкбендинг эффектісін талдау үшін әдетте $\Delta E_I = E_I - E_{I-2}$ шамасы қарастырылады. Кіші бұрыштық импульстер аймағында бұл айырма ротациялық модельге сәйкес бірқалыпты өзгереді. Алайда бұрыштық импульс белгілі бір критикалық мәнге жеткеннен кейін (I_c) энергия аралықтарының өзгеру заңдылығы күрт бұзылады. Мұндай ерекшеліктер ядро ішіндегі нуклондық жұптардың қайта құрылуымен және жоғары импульсті орбиталардың қатыса бастауымен түсіндіріледі.

Зерттелген платина изотоптары үшін бұл құбылыс айқын байқалады. Атап айтқанда, ^{190}Pt және ^{192}Pt ядроларында критикалық аймақ шамамен $I_c \approx 12\hbar$ мәніне сәйкес келеді, ал ^{194}Pt ядросында бұл өзгеріс ертерек, шамамен $I_c \approx 10\hbar$ маңында басталады. Мысалы, ^{190}Pt ядросы үшін $\Delta E(8^{+} \rightarrow 10^{+}) = 0.62 \text{ МэВ}$, ал $\Delta E(10^{+} \rightarrow 12^{+}) = 0.12 \text{ МэВ}$ болып өзгереді. Энергия айырмасының осындай күрт кемуі бэкбендинг құбылысының айқын көрінісі болып табылады және ядроның ұжымдық ротациялық режимінен квазибөлшектік конфигурациялардың маңызды рөл атқаратын жаңа динамикалық күйге ауысуын көрсетеді.

Осылайша, фермионды динамикалық-симметрия моделі де, өзара әсерлесуші бозондар моделі де платина изотоптарындағы спектрлік заңдылықтарды және жоғары спинді күйлерде байқалатын құрылымдық өзгерістерді сәтті сипаттайды. Алайда фермионды динамикалық-симметрия моделінің нәтижелері тәжірибелік деректермен біршама жақсырақ сәйкес келіп, оның ауыр өтпелі ядролардың ұжымдық қасиеттерін зерттеудегі тиімділігін көрсетеді.

Қорытынды. Зерттеу барысында фермионды динамикалық-симметрия моделінің ықшамдалған нұсқасы қарастырылып, оның бозондық кеңістікке бейнелену мүмкіндіктері талданды. Алынған нәтижелер ұсынылған ықшамдау процедурасының көпфермионды жүйелердегі негізгі ұжымдық еркіндік дәрежелерін бөліп көрсетуге мүмкіндік беретінін және модельдің физикалық мазмұнын сақтай отырып, есептеу күрделілігін едәуір төмендететінін көрсетті. Фермиондық операторларды тиімді бозондық айнымалылармен алмастыру күрделі көпбөлшекті есептердің алгебралық құрылымын жеңілдетіп, энергетикалық спектрлер мен электромагниттік ауысуларды зерттеудің тиімді құралын ұсынады.

Жүргізілген талдау әлсіз және орташа деңгейдегі корреляциялар жағдайында ұсынылған тәсілдің бастапқы фермиондық жүйенің негізгі спектрлік сипаттамаларын жеткілікті дәлдікпен қайта өндіретінін көрсетті. Алайда корреляциялық әсерлер күшейген кезде жуықтаудың дәлдігі төмендей бастайды, бұл модельді одан әрі жетілдіру және жоғары ретті әсерлесулерді ескеру қажеттігін көрсетеді.

Қолданбалы есептеулер нәтижесінде платина изотоптарының төмен энергиялы күйлерінің құрылымы зерттеліп, олардың спектрлік қасиеттері тәжірибелік деректермен салыстырылды. Алынған нәтижелер көрсеткендей, қарастырылған изотоптардың ұжымдық қасиеттері негізінен $O(6)$ динамикалық симметриясына сәйкес келеді, ал $SU(3)$ симметриясының үлесі салыстырмалы түрде әлсіз байқалады. Мұндай қорытынды эксперименттік спектрлерде байқалатын бірқатар ерекшеліктерді, соның ішінде γ -тұрақсыздыққа тән заңдылықтарды түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері өзара әсерлесуші бозондар моделінің $U(5)$ шектік симметриясы платина изотоптарының деңгейлік құрылымын толық сипаттай алмайтынын көрсетті. Әсіресе, бұл тәсіл бэкбендинг құбылысының пайда болуын және жоғары бұрыштық импульсті күйлердің кейбір ерекшеліктерін қанағаттанарлық деңгейде түсіндіре алмайды. Ал фермионды динамикалық-симметрия моделі аталған эффектілерді сипаттауда анағұрлым тиімді нәтижелер береді.

Жалпы алғанда, өзара әсерлесуші бозондар моделінің қарапайым асимптотикалық шектері барлық жағдайда жоғары дәлдік көрсете бермейді. Дегенмен, оның толық $(s-d)$ Гамильтонианын дәл диагоналдау тәжірибелік деректермен жақсы келісетін нәтижелер алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар фермионды динамикалық-симметрия моделі ядролық жүйелердің ұжымдық еркіндік дәрежелерін микроскопиялық деңгейде сипаттауға кеңірек мүмкіндік

береді. Алайда мұндай жағдайда Гамильтонианның құрылымы күрделене түседі және ұжымдық қозулардың фермиондық табиғатын тереңірек зерттеуді талап етеді. Сондықтан фермиондық және бозондық сипаттамаларды байланыстыратын теориялық тәсілдерді одан әрі дамыту ядролық құрылым теориясының маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

References

- Arima A., Yoshida N., Ginocchio J.N. (1981) Boson mappings of the Ginocchio model of the fermion systems. *Phys. Lett.* – Vol. B101. – P. 209-222. DOI: <https://doi.org/10.1103/PhysRevC.34.2373> (in Eng.).
- Baktybaev K., Koilyk N.O., & Ramankulov K.E. (2008). Fermionno-teoreticheskoe gruppovoe issledovanie kollektivnykh sostoyanii yader [Fermion-theoretical group study of collective nuclear states]. – *KazNU Bulletin. Physics Series.* – No. 26(2). Retrieved from <https://bph.kaznu.kz/index.php/zhuzhu/article/view/1446> (in Russian).
- Bohr A., Mottelson B.R. (1975) *Nuclear Structure. Nuclear Deformations.* – New York: W.A. Benjamin. – Vol. 2. ISBN: 9780805310160. (in Eng.).
- Cejnar P., Jolie J., Casten R.F. (2010) Quantum phase transitions in the shapes of atomic nuclei. *Rev. – Mod. Phys.* – Vol. 82. – P. 2155-2212. DOI: <https://doi.org/10.1103/RevModPhys.82.2155> (in Eng.).
- Cummane J.C., Pliparinen M., Daly P.J. et.all. (1976) Hig-spin levels structure of 190, 192, 194 Pt. *Phys. Rev.* – Vol. C1. – P. 2197-2212. DOI: <https://doi.org/10.1103/PhysRevC.13.2197> (in Eng.).
- Dalekhankyzy A., Baimbetova G.A., Koilyk N.O., Toktarbai S., & Beisebaeva A. (2025). Kvazispinovyi formalizm vzaimodeistviia bozonov i ego primenenie v yadernoi teorii [Quasispin formalism of boson interaction and its application in nuclear theory]. *Academic Journal of Physical and Chemical Sciences.* – No. 2. <https://doi.org/10.32014/2025.2518-1483.341> (in Russian).
- Davydov A.S., Chavan A.A. (1960) On investigation the collective states of the π -rotation nuclei. *Nucl. Phys.* – Vol.20. – P. 499-513. DOI: [https://doi.org/10.1016/0029-5582\(60\)90191-7](https://doi.org/10.1016/0029-5582(60)90191-7) (in Eng.).
- Elliott J.P. (1958) Collective motion in the nuclear shell model. *Proc. Roy. Soc. London A.* – Vol. 245. – P. 128-145. <https://doi.org/10.1098/rspa.1958.0072> (in Eng.).
- Finger M., Foucher R., Hussen J.P et.all. (1972) Properties of low-lying levels in the even platinum nuclei. *Nucl. Phys.* – Vol. A188. – P. 369-378. DOI: [https://doi.org/10.1016/0375-9474\(72\)90064-4](https://doi.org/10.1016/0375-9474(72)90064-4) (in Eng.).
- Iachello F., Arima A. (1987) *The Interacting Boson Model.* Cambridge: Cambridge Univ. Press. <https://doi.org/10.1017/CBO9780511895517> (in Eng.).
- Koilyk N.O., Dalekhanqyzy A., Kaptagai G.A., Kokazhayeva A.B., Shambulov N.B. (2023) Teoretiko-gruppovoe issledovanie kollektivnykh sostoyanii mnogonuklonnykh yadernykh sistem [Group-theoretical study of collective states of multinucleon nuclear systems]. *Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.* – Vol. 345(1). – P. 148-163. <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1483.191> (in Russian).
- Koilyk, N. O. (2026). Kopnuklondy zhuierldin uzhyndyk kuilerinin mikroskopiialyk sipattamasy [Microscopic description of collective states of multinucleon systems]. – Almaty: Poligrafia. – 104 p. ISBN 978-601-353-428-2. (in Kazakh).
- Lederer C.M., Shirley V.S. (1978) *Table of Isotopes.* 7th ed. New York: John Wiley & Sons. – 1523 p. ISBN 0-471-04179-3. (in Eng.).
- Rowe D.J., Wood J.L. (2010) *Fundamentals of Nuclear Models: Foundational Models.* Singapore: World Scientific. <https://doi.org/10.1142/7421> (in Eng.).
- Wigner E. (1937) On the Consequences of the Symmetry of the Nuclear Hamiltonian. *Physical Review.* – Vol. 51. – No. 2. – P. 106-119. <https://doi.org/10.1103/PhysRev.51.106> (in Eng.).
- Wu Ch. L., Fend D.H., Chen X-G., Chen J.Q., Gnidry M.W. (1987) Fermion dynamical symmetry model of nuclei: Basis, Hamiltonian, and symmetries. – *Phys. Rev.* – Vol. 36. – P. 1157-1180. DOI: <https://doi.org/10.1103/PhysRevC.36.1157> (in Eng.).
- Wybourne B.G. (1974) *Classical Groups for Physicists.* – New York: Wiley. ISBN 0-471-96505-7. (in Eng.).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the «Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)

<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>

Managing Editor: T. Apendiev
Editors: D.S. Alenov, A. Shormakova
Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 22, 2026
Format: 70×90 1/16. 24.5 printed sheets. Order No. 2.

*«Central Asian Academic Research Center» LLP
Almaty, Shevchenko Street, 28*